

"Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамын сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 8 қыркүйек N 1246

"Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамының қаржы шаруашылық қызметін сауықтыру, инвестицияларды, озық технологияларды тарту және кәсіпорынды тиімді басқарудың тәжірибесін жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Алаш" акционерлік қоғамының "Оңтүстік Топар басқармасы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін оған басқаруға беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісіп "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқару құқығына контракт жасау тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан аталған контрактіге қол қою өкілеттігі берілсін, онда мыналар қарастырылсын:

тараптардың құқықтары, міндеттемелері, жауапкершілігі және кепілдіктері;
тараптардың міндеттемелерін орындамаған контрактіні бұзу мүмкіндігі.

3. "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқаруға контракті шарттарының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі